

## **Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру**

### **Ереже**

#### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру білім беру ұйымындағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды дамыту мен оқытудағы мәселелерді шешу және ерекшеліктерін зерттеуге кешенді ықпалды қамтамасыз ету үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары мен білім беру процесінің қатысушыларының өзара әрекеттесуінің тұрақты қызмет ететін формасы болып табылады.

1.2. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру өз әрекетін білім беру ұйымының ішінде ғана жүзеге асырады.

1.3. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жөніндегі мамандардың құрамы мен міндеттерін бекітіп, таныстырылады.

1.4. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру өз әрекетінде БҰҰ бала құқықтары туралы Конвенция, Қазақстан Республикасының әрекеттегі «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», Зандарды және осы Ережені басшылыққа алады.

#### **2. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру мақсаты мен міндеттері**

2.1. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру әрекетінің мақсаты ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар, әлеуметтік және педагогикалық қауіп тобындағы балалар мен жасөспірімдер, оқыту мен мінез-құлығында қиындықтары бар балаларға олардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру мен дамыту үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру жүйесін қолдау болып табылады.

2.2. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру міндеттері:

2.2.1. мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау (психолог) ПМПК қорытындысы мен ұсынысы негізінде жүзеге асырылады;

2.2.2. жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын бейімдеу немесе жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын құрастыру түріндегі оқу жоспарлары мен оқу жоспарларына өзгерістер енгізіледі;

2.2.3. оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерінің өзгеруі. Бағалау әдістері өзгерген кезде бақылау тапсырмалары мен бағалау критерилері білім алушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып және жүзеге асырылатын оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып таңдалады;

2.2.4. психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға ұсыну үшін баланың дамуы, денсаулығы мен білім алу ерекшеліктері туралы қорытынды жасау;

2.2.5. балаларды кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауда мамандар әрекетін ішкі үйлестіруді қамтамасыз ету;

2.2.6. ата-аналар, қорғаншы мен қамқоршыларға консультациялық көмек көрсету;

2.2.7. ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды ұйымдастыру мен сапасына, оқу үдерісіне барлық қатысушылардың толерантты мінез-құлық мәдениетіне негізделген қауіпсіз және психологиялық жайлы ортаны қамтамасыз етуге,

ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар туралы жеке ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

### **3. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жұмысының қағидалары**

3.1. Баланың тұлғасын құрметтеу және жағымды қасиеттеріне сүйену қағидасы.

3.2. Диагностиканы барынша педагогизациялау, психологиялық және педагогикалық білімді кіріктіру қағидасы.

3.3. Ақпараттың жабық болуы қағидасы. Бала тұлғасына моральдық зиян тигізбеу үшін диагнозы көпшілікке жарияланбауы керек.

3.4. Өзара әрекеттестік қағидасы. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жұмысының әрбір маманы өз құзыреттілігінің аясында баланың дамуы мен жағдайын анықтау, оны ары қарай тәрбиелеу мен оқыту саласында болжамдар жасау сұрақтарын шеше отырып, жалпы көрініске өз түсінігін енгізеді.

### **4. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметтері**

#### *4.1. Диагностикалық:*

4.1.1. оқу мен тәртіптегі қиындықтарды анықтау;

4.1.2. дамудың әлеуметтік жағдайын, ұжымдағы жай-күйді зерттеу;

4.1.3. баланың әлеуетті мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтау.

#### *4.2. Қолдаушылық:*

4.2.1. қолайсыз оқу-тәрбиелік немесе отбасылық жағдайға түскен баланың мүддесін қорғау;

4.2.2. тиімді оқыту мен психологиялық-педагогикалық қолдау формаларын таңдау;

4.2.3. балалардың танымдық әрекетін белсендіру, олардың ақыл-ой және сөйлеу тілдік даму деңгейін арттыру, оқу әрекетін қалыптандыру, эмоциялық-тұлғалық даму мен тәртіптің кемістіктерін түзетуді енгізетін оқу-тәрбиелік процесті әдістемелік қолдау;

4.2.4. білім беру процесінің әр түрлі қатысушыларына практикалық ұсынымдарды әзірлеу.

#### *4.3. Тәрбиелік:*

4.3.1. ерекше білім беруге қажеттілігі мен жеке мүмкіндіктері бар балаға педагогикалық ықпалдың стратегиясын әзірлеу;

4.3.2. балаға педагогикалық ұжым мен ата-ананың тәрбиелік ықпалдарын кіріктіру;

4.3.3. педагогикалық ықпалдардың сабақтастығын қамтамасыз ету.

### **5. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жұмысын ұйымдастыру**

5.1. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру отырыстары қажеттілігіне қарай жүргізіледі. Бірақ оқу жылында әр бала (ерекше білім беруге қажеттілігі мен жеке мүмкіндіктері бар) үш реттен кем емес талқылануы қажет. Шұғыл жағдайларда отырыс жоспардан тыс жүргізіле алады.

5.2. Отырысты ұйымдастыру екі кезеңде жүреді.

5.2.1. 1 кезең – дайындық: Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру отырысына дайындықты әр қатысушы өздігінен жүргізеді; диагностикалық мәліметтерді жинақтау, жалпылау іске асырылады; алдын ала қорытындылар

мен ұсыныстар жасалады; диагностикалық мәліметтер медициналық, психологиялық, логопедиялық, әлеуметтік, педагогикалық көрсеткіштер бойынша талданады.

5.2.2. 2 кезең – негізгі: диагностика нәтижелері бойынша талқылау жүргізіледі; ұжымдық шешім, ұсыныстар жасалады; ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың дамуы, денсаулығы мен білім алу ерекшеліктері туралы қорытынды жасалады

5.3. Талқыланған сұрақтар мен олардың шешімдері отырыстың Хаттамасында тіркеледі.

## **6. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру отырысының құрамы**

6.1. Нәтижелі және құзыретті жұмыс істеу үшін Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру құрамы жылжымалы болу керек. Оның құрамында тұрақты және уақытша қатысушылар кіреді.

6.1.1. Тұрақты қатысушылар: төрағасы/төрайымы (білім беру ұйымының жетекшісі немесе жетекшінің оқу-тәрбиелеу жұмысы жөніндегі орынбасары), психолог, тәрбиешілер, медбике.

6.1.2. Уақытша қатысушыларға пән мұғалімдері, эксперт ретіндегі әр түрлі маман-кеңесшілер, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспектор, тәрбиеші.

## **7. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру бойынша құжаттар және олардың үлгілері**

7.1. Білім беу ұйымындағы Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру туралы ереже.

7.2. Білім беру ұйымында Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру отырысын құру туралы бұйрық.

7.3. Ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспары.

7.5. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру отырыстарының қорытындылары.

7.6. Педагогикалық-психологиялық мінездеме.

7.7 Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру бойынша құжаттар мен олардың үлгілері білім беру ұйымының ерекшеліктерін ескере отырып толықтырыла алады.